Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«Абай негізгі мектебі» КММ

031117 Абай ауылы
Мектеп көшесі, 17
Тел: 8(71336) 78-6-05
E-mail: abaiosh@mail.ru

Республика Казахстан
Актюбинская область

КГУ «Абайская основная школа»
ГУ «Отдел образования Хромтауского района Управления образования Актюбинской области»

031117 село Абай
ул. Мектеп, 17
Тел: 8 (71336) 78-6-05
E-mail: abaiosh@mail.ru

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

2022 жылғы 27 сәуір **Абай негізгі мектебі**

Бұйрық № 3 н/қ

2021-2022 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

1) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы – 2022 жылғы 25 мамыр;

2) 9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2022 жылғы 28 мамыр – 6 маусым аралығы;

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2022 жылғы 28 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2022 жылғы 31 мамыр;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2022 жылғы 3 маусым;

4) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша). Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 6 маусым;

3. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-8 білім алушылар үшін 2022 жылғы 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығындаЖазғы мектепте оқыту ұйымдастырылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры: **А.А.Нургалиева**